

**«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған
музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ**

Бекітемін
«Музыкалық колледж – дарынды
балаларға арналған музыкалық
мектеп-интернат» кешені» ММ-нің басшысы
С.К.Сыздықов
2018 жылғы « 28 » 09



«Ән салу» бөлімінің

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

2018 – 2023 жылдарға

Павлодар, 2018

Мазмұны

1. Кіріспе.....	
2. Пайымы, стратегиялық мақсаты, миссиясы.....	
3. ББ-ның мақсаттары мен міндеттері.....	
4. ББ-ның стратегиялық бағыттары.....	
4.1. Ұйымдастыру-басқару саласы.....	
4.2. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.....	
4.3. Білім беру қызметі. Білім беру үдерісін жаңғырту және сапасын қамтамасыз ету.....	
4.4. ББ-ның оқу-тәрбиелік қызметі.....	
4.5. Практикалық оқыту.....	
4.6. ББ-ның ғылыми-әдістемелік қызмет.....	
4.7. ББ-ның Әлеуметтік-мәдени қызметі.....	
4.8. ББ-ның инновациялық қызметі.....	
4.9. Ақпараттық-кітапханалық сала	
4.10. Кадрлық қамтамасыз ету. Кадрлық әлеуетті дамыту.....	
4.11. Халықаралық ынтымақтастық және әлеуметтік әріптестік.....	
4.12. ББ-ның ақпараттық-аналитикалық қызметі.....	
5. Тәуекелдер. Тәуекелдерді басқару.....	
6. Күтілетін нәтижелер.....	

1. Кіріспе

0407000 «Ән салу» бөлімін дамытудың 2018-2023 жылдарға арналған стратегиялық жоспары келесі нормативтік құжаттарға, атап айтқанда Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына; ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына; Білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелеріне, Мемлекет Басшысының жыл сайынғы Жолдауларына, көптілділікті дамыту жөніндегі бағдарламаларына, «Рухани жаңғыру» бағдарламаларына, Кешен сапасын қамтамасыз ету саясатына, «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп – интернат» кешені» ММ – нің 2018-2023 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарына сәйкес әзірленді.

Стратегиялық даму жоспары - бөлімнің 2018-2023 жылдар кезеңіне арналған мақсаттарына қол жеткізуге арналған кешенді даму жоспары және ағымдағы атқарылатын жұмыстарды жоспарлауға негіз болып табылады.

Жоспар бөлімше отырысында қаралды және бекітілді, 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 2 хаттама.

Жоспарды іске асырудың басталуы: 2018 жылғы 28 қыркүйек. Стратегиялық даму жоспарын орналастыру мекенжайы Кешеннің muscomplexavl.kz сайтында.

0407000 «Ән салу» мамандығының білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Павлодар облысының Білім саласындағы бақылау департаментімен 20.01.2015 жылы берілген лицензияға қосымша, 06.03.2009 жылғы №0024622 мемлекеттік лицензиясына сәйкес жүзеге асырылады.

Бөлімнің стратегиялық даму жоспары білім беру саласындағы ұғым, миссия, стратегиялық мақсаттар мен міндеттер, ББ сапасын қамтамасыз ету саясатының негізгі бағыттары, кешен және нормативтік құжаттар негізінде әзірленген.

2. Пайымы, стратегиялық мақсаты, миссиясы

«Ән салу» бөлімінің стратегиялық жоспары ББ сапасын қамтамасыз ету саясатына, сондай-ақ Кешеннің пайымына, стратегиялық мақсаты мен миссиясына сәйкес келеді.

«Ән салу» бөлімінің ББ-сы сапаны қамтамасыз ету принциптерімен қоса, білім беру мен оқытуға қатысты жалпы көзқарасты қамтиды, білім беру саласындағы Кешен стратегиясына жәрдемдеседі және білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз етуге және одан әрі дамытуға ықпал етеді.

ББ Қазақстанның коммуникативтік-ақпараттық ортасы жағдайында музыкалық білім беру саласының инновациялық, ақпараттық технологияларды енгізу және белсенді қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыруда, тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуда орталық болуға бағытталған.

«Ән салу» бөлімінің **стратегиялық мақсаты** сапалы білім беру қызметтерін ұсыну, сондай-ақ кәсіби музыкалық білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады. Мақсаты ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру, дамыту және кәсіби қалыптастыру болып табылатын техникалық және кәсіптік білім беру стандарттарына сәйкес мамандар даярлау.

Миссиясы: білім, кәсіпқойлық, ұлтжандылық, руханилық сияқты құндылықтар маңызды болып табылатын мәдениет және өнер саласында болашақ оқытушы және орындаушы кадрларды дайындау, базалық және кәсіби құзыреттеріне ие кәсіби музыкалық білім беру саласында жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды оқыту.

3.Бөлімнің мақсаттары мен міндеттері

Мақсаттар

1.Заманауи стандарттар деңгейінде мамандық бойынша тиімді жұмысқа қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге, әлеуметтік және кәсіби ұтқырлыққа дайын жоғары білікті және кәсіби-құзыретті мамандарды даярлау.

2.Қазіргі заманғы талаптарға сәйкес кадрларды даярлауды қамтамасыз ететін кәсіби құзыреттілікті дамытуға негізделген жаңартылған білім беру стандарттарын енгізуді қамтамасыз ету.

3. Еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, білім алушының кәсіби дағдыларының кең спектрін қамтамасыз ету: әртіс (әнші, актер, биші), педагог, вокалдық ансамбль жетекшісі. Бұл түлектердің сұранысын арттыруға септігін тигізеді.

4.Мамандарды кәсіби даярлауда инновациялық білім беру технологияларын қолдану.

5. Жоғары кәсібилігі мен жеке қасиеттері бар мәдениет және өнер мекемелерін білікті мамандарымен қамтамасыз ету.

6. Білім беру және мәдениет мекемелерімен өзара тиімді қарым-қатынас орнату есебінен білім беру қызметтері нарығында сенімді серіктес ретінде «Ән салу» мамандығының имиджін қалыптастыру және нығайту.

7. «Ән салу» бөлімінің студенттері мен педагогтерінің түрлі бағыттағы және жанрлардағы вокалдық музыканы танымал етуге бағытталған белсенді концерттік–орындаушылық, конкурстық қызметі.

8. Өзінің кәсіби қызметін танымал етуге және дарынды жастарды қолдауға ықпал ететін республикалық және халықаралық деңгейдегі іс-шаралар мен жобаларға қатысу, педагогикалық және орындаушылық шеберлікті жетілдіру

Міндеттер:

1. Оқу-тәрбие жұмысының нысандарын үнемі жетілдіру.
2. Бөлім студенттерінің отансүйгіштікке, төзімділікке, ішкі бостандыққа және жеке қадір-қасиетінің сезіміне тәрбиелеу.
3. Қазіргі білім беру жағдайында жоғары мәдениетті тұлғаны қалыптастыру.
4. Бөлім түлектеріне еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес жұмысқа орналасуға жәрдемдесу.

4.Бөлімнің стратегиялық бағыттары (ББ)

№	Іс-шара	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
4.1.Ұйымдастырушылық қызметі			
1.	2018-2023 жылдарға стратегиялық даму жоспарын және оқу жылына бөлімінің ағымдағы даму жоспарларын әзірлеу.	2018-2023	Сынып жетекшісі
2.	Оқу және тәрбие үрдістерін, ғылыми – әдістемелік және инновациялық қызметті ұйымдастыруда колледж және музыкалық мектеп-интернат бөлімдерінің өзара іс-қимылы.	Барлық кезеңде	Педагогикалық ұжым
3.	Тәуекелдерді анықтау және тәуекелдерді басқару.	Тұрақты	Сынып жетекшісі

4.	Әртүрлі мүмкіндіктерді пайдалана отырып, бөлімнің іскерлік имиджін жақсарту бойынша жұмысқа барлық педагогтерді жұмылдыру	тұрақты	Сынып жетекшісі
5.	Білім беру сапасын қамтамасыз етудің сыртқы бағасынан өту: аккредитациялау.	2020	Сынып жетекшісі
4.2. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету			
1.	Оқу орнының, мамандықтың қызметін реттейтін Кешеннің нормативтік базасын оқу.	2018-2023	Педагогикалық ұжым
2.	Кешеннің жергілікті құжаттарын ресімдеуге қатысу және оларды орындау.	2018-2023	Педагогикалық ұжым
3.	Білім алушыларды жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлттық тұрақтылыққа және академиялық дәстүрлерге баулу, оларды кәсіби ар-намыс пен этика рухында тәрбиелеу.	2018-2023	Педагогикалық ұжым
4.	Сыбайлас жемқорлық сипатындағы кез келген көріністерге мүлдем қарсы және олардың алдын алуға бағытталған іс-шараларды өткізу	2018-2023	Педагогикалық ұжым
4.3. Білім беру қызметі.			
1.	Студенттердің білім беру, шығармашылық қызметі үшін бөлімде қолайлы жағдай жасау.	тұрақты	Педагогикалық ұжым
2.	Модульдік-құзыреттілік тәсілі бар ТЖКБ-ның жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу, енгізу және іске асыру.	2018-2023	Педагогикалық ұжым
3.	Білім беру үдерісінде инновациялық, оқыту формаларын, компьютерлік технологияларды пайдалану.	тұрақты	Педагогикалық ұжым
4.	Контингенттің сақталуын қамтамасыз ету, білім беру сапасының % - ын арттыру.	Ежегодно	Педагогикалық ұжым
5.	Шығармашылық жобаларды, конференцияларды, семинарларды, конкурстарды, әртүрлі деңгейдегі шеберлік сыныптарын ұйымдастыру және өткізу, оларға педагогикалық құрам мен студенттердің белсенді қатысуы.	2019-2023	Педагогикалық ұжым
6.	Білім беру қызметінің сапасын бақылаудың заманауи әдістерін қолдану (рейтинг, мониторинг, институционалдық, мамандандырылған аккредитация)	тұрақты	Педагогикалық ұжым
7.	Жаңа қабылдаудың сапасын арттыру мақсатында бөлімнің әрбір педагогы кәсіптік үгіт-насихаттау жұмысын жүргізу.	2018-2023	Педагогикалық ұжым
4.4. Оқу-тәрбиелік қызмет			
1.	Бөлім студенттерін тәрбиелеуге ықпал ететін іс-шараларды, конкурстарды өткізу және қатысу.	2018 – 2023	Педагогикалық ұжым
2.	Студенттердің театрландырылған қызметін дамыту, "Студиттер" үйірмесінің жұмысы	2018 – 2023	Педагогикалық ұжым
3.	Білім алушыларды еріктілер қозғалысымен қамту	2018 – 2023	Сынып жетекшісі
4.	Саламатты өмір салтын насихаттау, қылмыстың және деструктивтік әрекеттің алдын алу іс-шаралары	2018 – 2023	Педагогикалық ұжым
5.	Жыл сайын «Жылдың үздік студенті» байқауына қатысу		Сынып жетекшісі
4.5. Практикалық оқыту			
1.	Модульдік – құзыреттілік тәсілде әзірленген тәжірибелік оқыту нысандарын қарастыру	2018-2023	Педагогикалық ұжым

	мақсатында жұмыс білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысу.		
2.	ББ білім алушыларының оқу үдерісін және оқу практикасын ұйымдастыру кезеңінде оқу материалдарымен, техникалық құралдармен, музыкалық аспаптармен қамтамасыз ету.	тұрақты	Педагогикалық ұжым
3.	Оқу тәжірибесі бойынша конкурстарға, ғылыми - практикалық конференцияларға қатысу.	тұрақты	Педагогикалық ұжым
4.	Инклюзивті білім беруді қолдауға бағытталған орталықтармен ынтымақтастық және шығармашылық байланыстарды қамтамасыз ету.	2019-2023	Педагогикалық ұжым
5.	Түлектерді қызметке бөлу және жұмысқа орналастыру.	2019-2023	Педагогикалық ұжым
6.	Түлектерді жұмысқа орналастыру мониторингісін жүргізу.	2019-2023	Сынып жетекшісі
4.6.Ғылыми-әдістемелік қызмет			
1.	Оқу үдерісіне инновациялық технологияларды тиімді енгізу, оқу, шығармашылық қызметін көрсету үшін ғылыми-әдістемелік жұмыстар, ПОӘК, құралдар жасау, БАҚ-та жариялау	2018-2023	Педагогикалық ұжым
2.	«Бөлім апталығы» шарасын өткізу	2018-2023	Педагогикалық ұжым
3.	Педагогикалық құрамның кәсіби конкурстарға қатысуы.	тұрақты	Педагогикалық ұжым
4.	Педагогикалық құрамның біліктілігін арттыруы	тұрақты	Педагогикалық ұжым
4.7. Әлеуметтік-мәдени қызмет			
1.	Облыстық, республикалық деңгейлерде концерттік шараларға, конкурстарға, музыкалық спектакльдерге қатысу.	тұрақты	Педагогикалық ұжым
2.	Жаңа шығармашылық ұжымдарды құру: вокалдық, халықтық, эстрадалық, театрландырылған.	2018-2023	Педагогикалық ұжым
3.	Әлеуетті талапкерлерді тарту үшін үгіттеу үшін және музыкалық білім беруді насихаттау мақсатында іс-шаралар, концерттер ұйымдастыру.	2018-2023	Педагогикалық ұжым
4.8.Инновациялық қызмет			
1.	Жаңартылған білім беру нысандары бойынша оқытуға бағытталған педагогтердің біліктілігін арттыру.	2018-2023	Педагогикалық ұжым
2.	Педагогтің ғылыми қызметінің тиімділігін арттыру, олардың ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуын арттыру	2018-2023	Педагогикалық ұжым
3.	Педагогтердің жұмысында инновациялық технологияларды пайдалану	2018-2023	Педагогикалық ұжым
4.	Оқу үдерісін цифрландыру: электрондық оқу базасы: Платонус	2018-2023	Педагогикалық ұжым
4.9. Ақпараттық-кітапханалық қамтамасыз ету			
1.	«Қазақ мәдениеті кабинеті» жаңа форматтағы кітапхананы әзірлеуге қатысу	2019-2023	Педагогикалық ұжым
2.	Вокалдық әдебиетті жаңартуға қатысу	2019-2023	Педагогикалық ұжым
4.10.Кадрлық қамтамасыз ету			
1.	Бөлімді қажетті педагогикалық кадрлармен	тұрақты	Педагогикалық

	қамтамасыз ету		ұжым
2.	Әрбір педагогтің кәсіби шеберлігі мен әлеуетті мүмкіндіктерін тиімді пайдалану.	тұрақты	Педагогикалық ұжым
3.	Магистр атағын алу үшін жоғары оқу орындарында педагогтердің оқуына мүмкіндік беру	тұрақты	Педагогикалық ұжым
4.	Бөлімде қолайлы ортаны құру және сақтауға ықпал ететін іскерлік мәдениетті қалыптастыру.	тұрақты	Педагогикалық ұжым
4.11. Халықаралық ынтымақтастық және әлеуметтік әріптестік			
1.	Қазақстанның, облыстың жоғары оқу орындарымен, мәдениет және өнер ұйымдарымен, БММ, БМИ-мен вокалдық өнер саласындағы ынтымақтастық географиясын кеңейту.	2018 - 2020	Педагогикалық ұжым
2.	Өз мамандығы шеңберінде кадрларды даярлаудың дуальді жүйесін енгізу бойынша жұмыс	2018 - 2020	Педагогикалық ұжым
4.13. Ақпараттық-аналитикалық қызметі			
1.	Әртүрлі ақпараттық ресурстардағы қызмет нәтижелері туралы қоғамды ақпараттандыру	2018 - 2023	Педагогикалық ұжым
2.	Internet-желіде Web-сайтты (Кешен) ақпараттық жаңартуға қатысу, Instagram жүргізу.	тұрақты	Педагогикалық ұжым
3.	Педагогтердің электрондық портфолиосын қалыптастыру және құру, құжаттамалық қамтамасыз ету .	тұрақты	Педагогикалық ұжым

5. Бөлімнің тәуекелдері. Тәуекелдерді басқару.

№ р/ р	Ықтимал тәуекелдің атауы	Тәуекелдерді басқару бойынша шаралар қабылданбаған жағдайда ықтимал салдар	Тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар
1	2	3	4
Сыртқы тәуекелдер			
1.	Облыстың оқу орындарында бәсекеге қабілетті ББ ашылуы.	Кешенге ББ түсетін контингенттің төмендеуі.	Сыртқы жағдайдың тұрақты мониторингі, білім беру-кәсіптік бағдарламаларды уақтылы түзету. ОП беделін арттыру бойынша жұмыс, үгіт-насихаттау жұмыстарын жүргізу.
Ішкі тәуекелдер			
1.	Сыртқы және ішкі тәуекелдердің болуын және тәуекелдерді басқаруды анықтамау.	Тәуекелдерді басқаруға ББ-ның дайын болмауы.	Сыртқы және ішкі тәуекелдерді анықтау және тәуекелдерді басқару іс-шараларын жоспарлау.
2.	Басқа мемлекеттерге көшуіне байланысты жоғары білікті педагогтардың кетуі	ПК кәсіби мүмкіндіктерінің төмендеуі, кәсіби кадрлардың жетіспеуі.	Әлеуметтік қорғау және жұмысқа қызықтыру шараларын әзірлеу.

3.	Педагогтердің инновациялық, шығармашылық қызметке мотивациясының төмен деңгейі немесе болмауы	Біліктілігін арттыратын, шығармашылық қызметті жүргізетін оқытушылар санының төмендеуі.	Педагогтерді жігерлендіретін шаралар іздеу.
4.	Білім сапасы мен үлгерім деңгейінің төмендеуі.	Жұмыс берушілердің Кешен бітіруші мамандарына қанағаттанбауы және қызығушылықтарының болмауы	Ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын арттырудың сәйкес келмеу себептерін талдау және оқуға мотивацияны арттыру.
5.	Компьютерлік жабдықтарды жаңартудың болмауы, музыкалық аспаптарды сатып алмау	Ақпараттық ресурстар жұмысындағы кедергі, музыкалық аспаптардың істен шығуы	Компьютерлік техниканы, музыкалық аспаптарды жаңартуға және сатып алуға өтінім.

6. Күтілетін нәтижелер

1. Кәсіби құзыреттілікке ие, музыкалық білім беруде инновацияларды игерген және вокалдық өнерді дамытуға үлес қосуға қабілетті «Ән салу» мамандығы түлектерінің бәсекеге қабілеттілігі мен қажеттілігін арттыру.

2. Материалдық-техникалық базаны нығайту, кабинеттерді жаңа аппаратурамен жабдықтау.

3. Студенттерді беделді кәсіби вокалдық конкурстарға қатыстыру.

4. Мамандандырылған және институционалдық аккредитациядан жоспарлы өту

Бөлімнің 2018-2023 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары «Ән салу» бөлімінің отырысында қаралды, 2018 жылғы "28" қыркүйек № 2 хаттама.